

Университеттің құрдасы

Университеттің 50 жылдық мерейтойы өткен жолымыздағы барлық жетістіктеріміз бен жарқын болашағымызды байланыстыратын кезең болып табылады. «Өткенді білмей, болашағыңды тану мүмкін емес» дейді халық даналығы. Өз тарихыңды білу - ХХІ ғасырда өмір сүріп жатқан біздер үшін айқын бағдар және табыс кепілі.

Оқу орнымен түйдей құрдас химия және химиялық технология кафедрасының құрылғанына да биыл жарты ғасыр толмақ. Осы уақыт ішінде көптеген жетістіктер мен даму кезеңінен өткен кафедрамыздың қалыптасу жолында п.ғ.к., доцент М.В. Родина, х.ғ.к., О.Х. Хабиев, х.ғ.д., профессор В.А. Бурахта, х.ғ.д., В.В.Киянский, х.ғ.к. Т.А. Маликова, х.ғ.к. К.О. Нурмахамбетов, х.ғ.к., доцент Г.К. Бектурганова, х.ғ.д., профессор Д.К. Мендалиева, х.ғ.к., доцент З.Х. Кунашева, доцент К.Х. Таренова, п.ғ.к., доцент С.Г. Айтуғанова, Б.С. Байғалиева, аға оқытушы А.Д. Науанова, доцент К.Х. Абильхаиров, т.б. ғалымдар аянбай еңбек етті.

Осынау атаулы мереке қарсаңында кафедра ұжымы өз ардагерлерімен кездесу өткізді. Кафедрамыздың меңгерушісі т.ғ.к., доцент М.Ж. Алмағамбетова ардагерлерді кафедраның жаңалықтарымен және өзгерістерімен, қазіргі

таңдағы қол жеткізген табыстарымен таныстырды. Студенттер мен оқытушылардың күшімен ұйымдастырылған концерттік бағдарламаны тамашалаған ардагерлер жас мамандар мен студенттерге өз өсиеттерін айтып, жүрекжарды тілектерін білдірді.

Қазіргі таңда қарқынды дамып келе жатқан жаңа тұрпаттағы өңірлік инновациялық білім беру мен еліміздің жоғары агротехникалық білім жүйесінде көшбасшы болуға бағыт алып келе жатқан білім ордасының алға қойған міндеттерін орындау жолында химия және химиялық технологиялар кафедрасы да өзіндік үлесін қосатынына сеніміміз мол.

Г. АЗГАЛИЕВА,
химия және химиялық технология кафедрасының аға оқытушысы, химия магистрі,
А. УРАЗОВА,
аға оқытушы